<p><b>Бейсембаев Мирас Берікұлы</b> Банк Басқарма төрайымының орынбасары</p>	<p>27.09.2012 ж. – 26.02.2015 ж.: "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры " АҚ, Басқарушы директор-Басқарма мүшесі. Қызметке кіріскен күні: 27.09.2012 ж.</p> <p>27.02.2015 ж. – 16.04.2017 ж.: "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры " АҚ, Басқарма Төрайымының орынбасары-Басқарма мүшесі. Қызметке кіріскен күні: 27.02.2015 ж.</p> <p>17.04.2017 ж. - 22.06.2017 ж.: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, Басқарма мүшесі - Басқарма төрайымының орынбасары. Қызметке кіріскен күні: 17.04.2017 ж.</p> <p>23.06.2017 ж. - 10.09.2017 ж.: АҚ "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі", Басқарушы директор. Қызметке кіріскен күні: 23.06.2017 ж.</p> <p>11.09.2017 ж. - қазіргі уақытқа дейін: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, Басқарма мүшесі - Басқарма Төрайымының қауіпсіздік және әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі орынбасары. Қызметке кіріскен күні: 11.09.2017ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде қосалқы қызмет атқармады және атқармайды.</p>	0,00%

### Банк Басқармасы мүшелерінің өкілеттіктері:

**1. Басқарма Төрайымы Ибрагимова Ләззат Еркенқызы** Банк қызметіне жалпы басшылық жасайды, Банк Басқармасының отырыстарын өткізеді, Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысады, Банк қызметінің мәселелері бойынша жедел және атқару-басқару шешімдерін қабылдайды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, халықаралық және басқа ұйымдарда Банктің өкілі болады, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынасқа жалпы басшылық жасайды.

Банк Басқармасының Төрайымы келіссөздер жүргізуге, шешімдер қабылдауға, бұйрықтар, өкімдер шығаруға, шарттар (келісім-шарттар, келісімдер) жасауға, сенімхаттар беруге, Жалғыз акционерге, Банктің Директорлар кеңесіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілетін есептерге және ақпаратқа қол қоюға және Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк Жарғысында белгіленген өкілеттіктер шегінде басқа құжаттарға қол қоюға құқылы.

Банк Басқармасының Төрайымы жұмыстарды тікелей бақылауды және оларды үйлестіруді жүзеге асырады:

- Персоналмен жұмыс департаменті (ПЖД);
- Қауіпсіздік департаменті (ҚД);
- Кеңесшілер;
- Басқарушы директорлар;
- Заңды тұлғалармен жұмыс департаменті.

Банктің жалғыз акционерімен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл бойынша жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады.

Банк Басқармасының Төрайымы:

1) Банктің кадр саясатын белгілеу, Банк қызметкерлерінің стратегиялық дамуын, Банк қызметкерлерін тағайындау, моральдық ынталандыру және тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану мәселелерін қарастырады;

2) Банктің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өтініштерді, ұсынымдарды қарастырады және тағайындау, ауыстыру, босату, тәртіпке салу шараларын қолдану туралы бұйрықтарға қол қояды, Басқарма мүшелерімен, Басқарма Төрайымының орынбасарларымен, Бас комплаенс-бақылаушымен, Корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит департаментінің қызметкерлерімен жасалған еңбек шарттарына, олардың қосымша келісіміне және оларды бұзу туралы келісімге қол қояды;

3) тағайындау, ауыстыру, босату туралы өтініштерді, ұсынымдарды қарастырады, орталық аппаратта – Басқарушы директорлармен, кеңесшілермен, департамент директорларымен және олардың орынбасарларымен, дербес басқарма бастықтарымен және Банктің филиалдарының директорларымен және олардың орынбасарларымен жасалған еңбек шарттарына, олардың қосымша келісімдеріне және оларды бұзу туралы келісімдерге қол қояды;

4) материалдарды қарастырады және Банктің Орталық аппаратының қызметкерлеріне, Банк филиалдарында – директорларға және олардың орынбасарларына лауазымдық еңбекақы тағайындау туралы бұйрықтарға қол қояды;

5) Банктің Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес Басқарма мүшелеріне, Банктің Басқармасы Төрайымының орынбасарларына жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу, бас комплаенс-бақылаушыға, корпоративтік хатшыға және Ішкі аудит департаменті қызметкерлеріне, сондай-ақ басқарушы директорларға және бас бухгалтерге токсандық сыйлықақы беру туралы бұйрықтарға қол қояды;

6) Банк қызметкерлеріне (Банк филиалдары қызметкерлерінен басқа) олардың есептік кезеңдегі қызметтерінің нәтижесі бойынша бір жолғы сыйлықақы беру және токсандық сыйлықақы беру туралы, сондай-ақ Банк филиалдарының қызметкерлеріне ай сайынғы төлем туралы қызметтік жазбаларды қарастырады және бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма мүшелерінің, Банктің Басқармасы Төрайымының орынбасарының, бас комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының, басқарушы директордың демалыс кестелерін бекітеді;

8) Басқарма мүшелеріне, Банк Басқармасы Төрайымының орынбасарларына, бас комплаенс-бақылаушыға, корпоративтік хатшыға, басқарушы директорларға демалыс беру туралы өтініштерді қарастырады;

9) Банктің Орталық аппаратының қызметкерлеріне, филиалдардың директорларына тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстарды қарастырады;

10) Басқарма мүшелерінің, Банк Басқармасының Төрайымы орынбасарларының, бас комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының, Ішкі аудит департаменті директорының, Басқарушы директорлардың еңбек жағдайларының өзгеруі туралы хабарламаларды қарастырады және қол қояды;

11) Банктің Орталық аппараты қызметкерлерінің және филиалдардың директорлары мен олардың орынбасарларының еңбек жағдайларының өзгеруі туралы қызметтік жазбаларды қарастырады және қол қояды;

12) еңбек қауіпсіздігі және қорғау, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар, өрт қауіпсіздігі, жұмылдырылған дайындық шаралары бойынша мәселелерді қарастырады және бұйрықтарға қол қояды;

13) орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынасы бойынша жұмыстарды үйлестіреді;

14) атқарушы құжаттарды орындау талаптары туралы жеке сот орындаушыларымен келісім жасайды, өзгертеді, бұзады.

**2. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының Қаржы және есептілік жөніндегі орынбасары Айдарбекова Әлия Қаратайқызы** қазынашылық, бухгалтерлік есеп, жиынтық есептілік саласындағы қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді, тікелей бақылауды жүзеге асырады және бөлімшелердің жұмысына жетекшілік етеді:

- Қазынашылық департаменті (ҚД);

- Бухгалтерлік есеп департаменті (БЕД);

- Жиынтық есептілік департаменті (ЖЕД).

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының орынбасары өз құзыретінің аясында Банктің атынан:

1) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметті ұйымдастыруға;

2) жасалған шарттар (келісім-шарттар, келісімдер) негізінде төлем құжаттарын қарауға және өнім берушілер ұсынған шоттарды төлеу жөнінде шешім қабылдауға, банк бөлімшелерінің сатып алатын тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін төлеуге төлем құжаттарына қол қоюға;

3) Банк қызметкерлерінің аванстық есептерін бекітуге;

4) Банктің орталық аппаратының қызметкерлеріне жеке немесе заңды тұлғалардан мүлік алуға сенімхаттарға қол қоюға;

5) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша декларациялар мен аванстық/ағымдағы төлемдердің есеп айырысуларына қол қоюға;

6) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығына, Жалғыз акционердің, «Самұрық-Қазына» Ұлттық қауіпсіздік қоры» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ, «Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры» АҚ, «Қазақстанның қор биржасы» АҚ, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ және екінші деңгейлі банктерге жолданатын актілерге, сұратуларға, хаттарға, сауалдарға жауапқа, есептерге қол қоюға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

8) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер) жасасуға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелер жасасу жөніндегі қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге;

9) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда мемлекеттік органдарда банктің мүдделерін білдіру құқығымен, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған банк қызметкерлері мен қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға;

10) жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін келісуге және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға құқылы.

**3. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының бизнес жөніндегі орынбасары Ақшанов Нұрлан Сағындықұлы** Аймақтық даму және сату, Банк филиалдары мен байланыс орталығының жұмыс істеуі, банк серіктестерімен жетекшілік ететін мәселелер бойынша өзара іс – қимыл саласындағы қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді, Банк өнімдерін сату бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ байланысты бизнес-үдерістерді қамтамасыз етуге жауапты болады, Банк бөлімшелерінің жұмысына тікелей бақылауды жүзеге асырады және жетекшілік етеді:

- Сату және Аймақтық даму департаменті (САДД);

- Байланыс орталығы департаменті (БОД);

- Негізгі қызмет мәселелері бойынша банк филиалдары.

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының орынбасары өз құзыретінің аясында Банктің атынан:

1) ТРДД ұсынысының негізінде Банк Басқармасының қарауына шығармай мүдделі бөлімшелермен және оларға жетекшілік ететін Банк Басқармасының мүшелерімен келісу кестесіне қол қою арқылы өзгерістер енгізу:

а) кеңесшілер желісінің сыйақысын төлеу мөлшері мен тәртібіне;



б) кеңесшілермен/риэлторлармен/кеңесші-көшбасшылармен жасалатын тапсырма шарттарының (қосылу шарттарының) стандартты талаптарының үлгілік нысандарына;  
в) кеңесшілер көрсеткен қызметтердің жиынтық актісінің және кеңесшілер/риэлторлар/кеңесші-көшбасшылар мен банк филиалдары арасындағы салыстыру актілерінің үлгілік нысандарына;

г) көшбасшылар кеңесінің жарғысына;

2) Банк филиалдарының директорларына демалыс беруге арналған өтініштерді қарау және келісу;

3) заемшыларға хаттарға, заңды және жеке тұлғалардың өтініштеріне жауаптарға қол қоюға;

4) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдары мен мекемелеріне, Банктің жалғыз акционеріне жіберілетін сұрау салуларға, хаттарға, сұрау салуларға жауаптарға, есептерге қол қоюға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

б) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер) жасауға, өзгертуге және бұзуға, олар Банктің шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

7) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда мемлекеттік органдарда банктің мүдделерін білдіру құқығымен, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған банк қызметкерлері мен қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға;

8) жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін келісуге және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға құқылы.

**4. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының тәуекелдер және ішкі бақылау жөніндегі орынбасары Қайырбеков Исламбек Орымбайұлы** сақтандыру, бағалау компанияларымен жетекшілік ететін мәселелер бойынша ішкі бақылау, ахуалдық мониторинг, тәуекел - менеджмент саласындағы қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді, тікелей бақылауды жүзеге асырады және бөлімшелердің жұмысына жетекшілік етеді:

- Ішкі бақылау департаменті (ІБД);

- Ахуалдық мониторинг департаменті (АМД);

- Тәуекел-менеджмент департаменті (ТМД).

Басқарма мүшесі, Басқарма төрайымының орынбасары өз құзыреті шегінде, Банк атынан:

1) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмысты үйлестіруге;

2) клиенттердің өтініштерін одан әрі орындау үшін олардың өтініштерін талдау нәтижелері бойынша Банк бөлімшелеріне ұсынымдарды келісуге;

3) заңды және жеке тұлғалардың өтініштеріне жауаптарға қол қоюға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

5) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен банк шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын мәмілелер

(шарттар, келісім–шарттар, келісімдер) жасасуға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелер жасасу жөніндегі қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге;

6) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда мемлекеттік органдарда банктің мүдделерін білдіру құқығымен, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған банк қызметкерлері мен қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға;

7) жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін келісуге және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға құқылы.

**5. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының ақпараттық қауіпсіздік, құқықтық және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Бейсембаев Мирас Берікұлы** корпоративтік басқару, Банктің ақпараттық қауіпсіздігі, құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік бағдарламалар мен құрылыс жобаларын іске асыру, сатып алу және әкімшілік-шаруашылық қызмет саласындағы қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді, бөлімшелердің жұмысына тікелей бақылауды жүзеге асырады және жетекшілік етеді:

- Ақпараттық қауіпсіздік департаменті (АҚД);

- Заң департаменті (ЗД);

- Мемлекеттік бағдарламалар мен құрылыс жобаларын іске асыру департаменті (МБҚЖІД);

- Сатып алу департаменті (САД);

- Әкімшілік департаменті (ӘД).

Басқарма мүшесі, Басқарма төрайымының орынбасары өз құзыреті шегінде, Банк атынан:

1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы сұрау салуларға, хаттарға, сұрау салуларға жауаптарға, есептерге қол қоюға;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне осындай фактілер туралы хабарлай отырып, орнынан түсу институтын іске асыру және басшыларды бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тарту жөніндегі іс-қимылдар тәртібін сақтау жөніндегі жауапты адамның функцияларын орындауға;

3) жеке сот орындаушыларымен Атқарушылық құжаттарды орындау шарттары туралы келісімдер жасасуға, өзгертуге, бұзуға;

4) мемлекеттік органдарда, бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда азаматтық, әкімшілік сот ісін жүргізу бойынша, сот актілерін орындау жөніндегі органдарда, Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарында сот даулары бойынша банктің мүдделерін білдіру, атап айтқанда: талап арыздарын, талап арызға толықтыруларды, талап арыздарға пікірлерді, оларға қарсылықтарды, қарсы талап арыздарды, уәкілетті органның актілеріне шағымдарды, соттың шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағымдарды қарайды және оларға қол қояды., кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жататын сот актілеріне дау айту туралы апелляциялық шағымдар мен өтініштер, кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жататын сот актілеріне дау айту туралы апелляциялық шағымдарға пікірлер мен өтініштерге, сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыздарға, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды, істі төрелікке беру, талап қоюдан толық немесе ішінара бас тарту немесе, талап қоюдың нысанасын немесе негіздемесін өзгерту, бітімгершілік келісім, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу, сот актісін мәжбүрлеп орындату, алып қойылған мүлікті немесе ақшаны алу, апелляциялық шағымнан, өтінішхаттан бас тартуға;

5) мемлекеттік органдарда, азаматтық, әкімшілік сот ісін жүргізу бойынша бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда, сот актілерін орындау жөніндегі органдарда, Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарында Банктің мүдделерін білдіру құқығымен банк қызметкерлері мен ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға, атап айтқанда: талап арыздарды, талап арызға толықтыруларды, талап арызға пікірлерді, оларға қарсылықтарды беруге, қарсы талап арыздарын

ұсынуға, талап арыздарды, және оларды зерттеуге қатысуға, іске қатысушы адамдарға, куәларға, сарапшыларға және мамандарға сұрақтар қоюға, өтінішхаттарды мәлімдеуге, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде, дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау туралы, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, бітімгерлік рәсімдерді қолдану туралы өтінішхаттарды мәлімдеуге, сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге, сот үдерісі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге, іске қатысушы басқа да адамдардың өтініштері мен дәлелдеріне, сот жарыссөздеріне қатысуға, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертулер беруге, істің материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жасауға және көшірмелерді түсіруге, соттың шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағымдануға, кассациялық тәртіппен қайта қарауға жататын сот актілеріне дау айту туралы апелляциялық шағымдар мен өтінішхаттарды, кассациялық тәртіппен қайта қарауға жататын сот актілеріне дау айту туралы апелляциялық шағымдарға пікірлер мен өтінішхаттарды беруге, басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалануға, іс жүргізу материалдарымен, оның ішінде электрондық нысанда танысуға, олардан үзінді көшірмелер жасауға, көшірмелер түсіруге, қосымша материалдар ұсынуға, өтінішхаттарды мәлімдеуге, атқарушылық әрекеттер жасауға қатысуға, атқарушылық әрекеттер үдерісінде ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге, атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын айтуға, атқарушылық іс жүргізуге қатысушы басқа да адамдардың дәлелдері мен өтінішхаттарына қарсылық білдіруге, атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе шешімдеріне шағымдану, талап арызға қол қоюды, істі төрелікке беруді, талап қоюдан толық немесе ішінара бас тартуды немесе талап қоюды тануды, талап қою талаптарының мәнін ұлғайтуды немесе азайтуды, талап қоюдың нысанасын немесе негіздемесін өзгертуді, бітімгершілік келісімді, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді жасасуды, сот актісіне апелляциялық, кассациялық тәртіппен шағым беруді қоспағанда, бітімгершілік келісімді бекіту туралы, сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз беруге, сот актісін мәжбүрлеп орындауды талап ету, алып қойылған мүлікті немесе ақшаны алуға, апелляциялық шағымнан, өтінішхат бас тартуға;

6) орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс - қимыл бойынша жұмысты үйлестіруге;

7) Банктің орталық аппараты мен филиалдары үшін орталықтандырылған тәртіппен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу рәсімдерінде Тапсырыс берушінің атынан сөз сөйлеуге;

8) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын бекіту және оған өзгерістер, толықтырулар енгізу туралы бұйрықтарға қол қоюға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актілерін, жобалау-сметалық құжаттаманы бекітуге/қол қоюға;

10) заңды және жеке тұлғаларға, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдары мен мекемелеріне, Банктің жалғыз акционеріне жіберілетін сұрау салуларға, хаттарға, сұрау салуларға жауаптарға, есептерге қол қоюға;

11) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер) жасауға, өзгертуге және бұзуға, олар Банктің шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

12) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда мемлекеттік органдарда банктің мүдделерін білдіру құқығымен, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған банк қызметкерлері мен қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға;

13) жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін келісуге және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға;

14) байланысты бизнес-үдерістерді ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, банкті корпоративтік басқару мәселелері бойынша жұмысты үйлестіруге;

15) Корпоративтік хатшының жұмысын үйлестіруге;

16) Банктің лауазымды тұлғалары қабылдаған шешімдер негізінде төмендегі құжаттарға қол қоюға:

1) Банктің орталық аппаратының қызметкерлеріне, филиал директорларына тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтар;

2) толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар;

3) оқу шарттары, тағылымдамадан өту туралы шарттар, банкте тәжірибелер, қосымша келісімдер және оларды бұзу туралы келісімдер;

4) Қауіпсіздік департаменті, Ақпараттық технологиялар департаменті қызметкерлерінің кейбір санаттары үшін ауысым кестелері;

5) Орталық аппаратта – Басқарма мүшелеріне, Банк Басқармасы Төрайымының орынбасарына, бас комплаенс-бақылаушыға, Корпоративтік хатшыға, басқарушы директорларға Банк Басқармасы төрайымымен келісілген өтініш негізінде демалыс беру туралы бұйрықтар;\*

6) Банктің Директорлар Кеңесінің Төрайымымен, Банктің Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасымен келісілген өтініш негізінде ішкі аудит департаменті қызметкерлеріне демалыс беру туралы бұйрықтар;\*

7) Басқарманың жетекшілік ететін мүшелерімен келісілген демалыс беру туралы өтініш негізінде орталық аппараттың қызметкерлеріне/филиалдарына, директорына/филиалдарына демалыс беру/демалыстан шақыртып алу туралы бұйрықтар;\*

8) іссапарға жіберу туралы қызметтік жазба негізінде орталық аппарат қызметкерлерін, филиал директорларын іссапарға жіберу туралы бұйрықтар;\*

9) өтініш негізінде банк қызметкерлеріне әлеуметтік төлемге бұйрықтар;

10) Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді, сондай-ақ басқарушы директорларды, кеңесшілерді, департаменттердің директорларын және олардың орынбасарларын, дербес басқармалардың бастықтарын, банк филиалдарының директорларын және олардың орынбасарларын қоспағанда, тағайындау, ауыстыру, жұмыстан босату туралы бұйрықтар, еңбек шарттары, оларға қосымша келісімдер және оларды Банктің орталық аппаратының қызметкерлерімен бұзу туралы келісімдер;

11) еңбек шарттарына еңбекақы төлеу шарттарын өзгерту бөлігінде қосымша келісімдер: орталық аппаратта – Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді қоспағанда, банк қызметкерлерімен; филиалдарда-Банк Басқармасы Төрайымының бұйрығы негізінде филиал директорларымен және олардың орынбасарларымен;

12) банк қызметкерлерін демалыс және мереке күндері жұмысқа тарту туралы Басқарманың жетекшілік ететін мүшесімен келісілген қызметтік жазбалар;

13) банк қызметкерлерін демалыс және мереке күндері жұмысқа тарту туралы бұйрықтар;

14) орталық аппарат қызметкерлерінің, филиалдар директорларының, филиалдар директорларының орынбасарларының міндеттерін атқаруды олар болмаған кезеңде жүктеуге арналған бұйрықтар (филиалдың басқа қызметкеріне жүктелген кезде);

15) Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді және басқарушы директорларды қоспағанда, банктің Орталық аппаратының қызметкерлерімен, филиал директорларымен және

олардың орынбасарларымен келісілген қызметтік жазбаның негізінде еңбек жағдайларының өзгеруі туралы хабарламалар;

16) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер (шарттар, келісім–шарттар, келісімдер) жасасуға, өзгертуге және бұзуға, қауіпсіздік департаменті және персоналмен жұмыс жөніндегі департамент бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, қауіпсіздік департаменті және персоналмен жұмыс жөніндегі департамент бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актілеріне қол қоюға;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, қауіпсіздік департаменті және персоналмен жұмыс жөніндегі департамент бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актілерін бекітуге/қол қоюға;

18) Басқарма мүшесі – Басқарма төрайымының орынбасары А. К. Айдарбекованың іссапар жағдайында аванстық есептеріне қол қоюға құқылы.

**6. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының даму жөніндегі орынбасары Жұбаниязова Жанар Әділбекқызы** Банк өнімдерін әзірлеу және енгізу, жоспарлау және стратегиялық талдау, жобалық басқару, жарнама және жұртшылықпен байланыс саласында, халықаралық байланыстарды дамыту, сақтандыру, бағалау компанияларымен жетекшілік ететін мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді, тікелей бақылауды жүзеге асырады және оның жұмысына жетекшілік етеді:

- Банк өнімдерін әзірлеу және енгізу департаменті (БӨЕД);
- Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті (ЖСТД);
- Жобалық басқару департаменті (ЖБД);
- Жарнама және қоғаммен байланыс департаменті (ЖҚБД).

Басқарма мүшесі, Басқарма төрайымының орынбасары өз құзыреті шегінде, Банк атынан:

1) Банкті Жекешелендіру шеңберінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі құжаттарға қол қоюға;

2) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау органдары мен мекемелеріне, Банктің жалғыз акционеріне жіберілетін сұрау салуларға, хаттарға, сұрау салуларға жауаптарға, есептерге қол қоюға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

4) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер (шарттар, келісім–шарттар, келісімдер) жасасуға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелер жасасу жөніндегі қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге;

5) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда мемлекеттік органдарда банктің мүдделерін білдіру құқығымен, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған банк қызметкерлері мен қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға;

6) жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін келісуге және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға құқылы.

**7. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының Ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Кожанбаев Әділет Нұрсағатұлы** Банктік технологиялар, Ақпараттық жүйелерді дамыту және қолдау, Ақпараттық технологиялар, операциялық сүйемелдеу, проблемалық

заемдармен жұмыс саласындағы қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді, тікелей бақылауды жүзеге асырады және оның жұмысына жетекшілік етеді:

- Банктік технологиялар департаменті (БТД);
- Ақпараттық жүйелерді дамыту және қолдау департаменті (АЖДҚД);
- Ақпараттық технологиялар департаменті (АТД);
- Операциялық Департамент (ОД);
- Проблемалық заемдармен жұмыс жөніндегі басқармалар (ПЗЖБ).

Басқарма төрайымының орынбасары өз құзыреті шегінде, Банк атынан:

1) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдары мен мекемелеріне (оның ішінде Мемлекеттік кіріс органдарына), Банктің жалғыз акционеріне және басқа да заңды тұлғаларға, оның ішінде "Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры" АҚ жіберілетін сұрау салуларға, хаттарға, сұрау салуларға жауаптарға, есептерге қол қоюға;

2) заемдарды беру, меншікті қаражат/жинақтар аудару, ұзақ мерзімді тапсырмалар бойынша операциялар, анықтауға дейін соманы қайтаруға байланысты өзге төлемдер бойынша, төлем талаптарын, инкассалық өкімдерді орындау бойынша сыртқы/ішкі төлемдерге қол қоюға;

3) Екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға жіберілетін, банк заемшыларының банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы ақпарат беруге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем талаптарын қоюға байланысты құжаттардың көшірмелерін куәландыруға, сондай-ақ осы тапсырмаға байланысты барлық қажетті іс-әрекеттерді орындауға;

4) корреспонденттік шотқа билік ету немесе корреспонденттік шот бойынша операциялар жасау, оның ішінде банктің корреспонденттік шотындағы ақшаны резервтеуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өтінім беруге;

5) жеке сот орындаушыларымен Атқарушылық құжаттарды орындау шарттары туралы келісімдер жасасуға, өзгертуге, бұзуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына, бюджетіне, Банктің сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге/қол қоюға;

7) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің шығыстарына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқпайтын сатып алу мәні болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалармен мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер) жасасуға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелер жасасу жөніндегі қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, шоттарға, шот-фактураларға қол қоюға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актілерін бекітуге;

8) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда мемлекеттік органдарда банктің мүдделерін білдіру құқығымен, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсету үшін тартылған банк қызметкерлері мен қызметкерлерге сенімхаттарға қол қоюға;

9) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау органдары мен мекемелеріне, Банктің жалғыз акционеріне, несиелік бюроларға ("Бірінші несиелік бюро" ЖШС, "Мемлекеттік несиелік бюро" АҚ), "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ жіберілетін сұрау салуларға, хаттарға, сұрау салуларға жауаптарға, есептерге қол қоюға;

10) жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін келісуге және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға құқылы.

**22. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда:**

**1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;**

- 2) басқарушы ұйымның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не алқалы атқарушы орган мүшелерінің және басқарушы ұйымның Директорлар кеңесі (Байқау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 3) Осы тармақтың 2) тармақшасында аталған адамдарды сайлау күні және хронологиялық тәртіппен олардың соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтері;
- 4) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;
- 5) Осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

**Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.**

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеген.

## **10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, Эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері**

### **23. Эмитент қызметінің түрлері:**

- 1) негізгі қызмет түрі;
- 2) маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың Эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, Эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Жарғыға сәйкес эмитент мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

Банктің негізгі міндеті тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін сапалы банктік қызмет көрсету болып табылады.

Банк салымшылардың қаражатын тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына тартады, салымдардың сақталуын және қайтарылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй заемдарын береді, оларға құрылыс (жер телімін сатып алуды қоса алғанда), тұрғын үй сатып алу, оның ішінде тұрғын үйді жақсарту, жөндеу және жаңғырту (құрылыс материалдарын сатып алуды, мердігерлік, жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан ипотекалық тұрғын үй замын алу үшін бастапқы жарна енгізу).

Банк қызметінің мақсаты еркін ақшаны тиімді пайдалану, банк қызметтерін көрсету, банк тиісті лицензиялары бар жеке және заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсету негізінде кіріс алу болып табылады.

Банк Жарғының 4.3. тармағына сәйкес мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдарды (депозиттерді) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) салымшыларға тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, алдын ала тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемдарын беру.

Банк Жарғының 4.3-тармағында көрсетілген негізгі қызмет түрлерінен басқа, қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын және (немесе) Қазақстан Республикасының Банк заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуды, сондай-ақ Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның лицензиясына сәйкес операциялардың басқа да түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) кассалық операциялар - айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, орау және сақтауды қоса алғанда Банк Жарғысының 4.3-тармағында және Банк Жарғысының 4.4-тармағының 2), 5) тармақшаларында көрсетілген банк операцияларының бірін жүзеге асыру кезінде қолма-қол ақшаны қабылдау және беру;

2) аударым операциялары – жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;

3) меншікті бағалы қағаздардың эмиссиясы (акцияларды қоспағанда);

4) сейф операциялары – сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, клиенттердің құжаттық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;

5) шетел валютасымен айырбастау операциялары;

6) заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

7) сенімгерлік операциялар: сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша Банктік заемдар бойынша талап ету құқықтарын басқару.

Сондай-ақ банк Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Банк Қазақстан Республикасының банк заңнамасында Екінші деңгейдегі банктер үшін көзделген, лицензияның болуын талап етпейтін қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзінің міндеттері мен функцияларын орындау үшін қажетті өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін құзыретті органның арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) не уәкілетті органдардың тіркелуі және /немесе рұқсаты қажет болған жағдайда, банк қызметтің осы түрін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және оған сәйкес жүзеге асырады.

Банк өз қызметін тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін айқындайтын шарт, ақылы негізде клиенттермен жүзеге асырады.

Банк Клиенттер мен корреспонденттердің операциялары, шоттары мен салымдары бойынша құпияға, сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы тұрған мүліктің құпиясына кепілдік береді.

Банктік құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.

Клиенттердің банктегі ақшасы мен басқа мүлкіне (құндылықтарына) тыйым салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана қолданылуы және / немесе өндіріп алынуы мүмкін.

Банкке банк қызметіне жатпайтын немесе Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы Банктер және банк қызметі туралы" заңының 8-бабының 9-тармағында, 30-бабының 12-тармағында көзделмеген кәсіпкерлік қызмет ретінде операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына мүшелікті қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы Банктер және банк қызметі туралы" заңының 8-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тиым салады.

Банк қызметі маусымдық сипатта болмайды.

### **3) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:**

Банк тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін іске асыратын елдегі жалғыз банк болып табылады. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі - 2000 жылғы 7 желтоқсандағы №110 Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" заңына және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың талаптарына сәйкес



салымшылардың ақшасын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына тартуға және оларға есептелген мемлекет сыйлықақыларына және оларға тұрғын үй заемдарын беруге негізделген тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың тұйық жүйесі.

2003 жылғы 10 шілдеде Банк заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. Сол жылдың қыркүйегінде Банктің филиалдық желісін дамыту және салымшыларды тұрғын үй құрылыс депозиттеріне тарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

#### **4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне жағымды және жағымсыз әсер ететін факторлар:**

##### **Жағымды факторлар:**

- Бірегей өнімнің болуы (заемдар бойынша төмен пайыздық мөлшерлемелер, жинақтауға арналған мемлекеттің сыйлықақысы).
- Банк капиталына мемлекеттік қатысу. Қаржы агентінің мәртебесі.
- Банктің оператор ретінде тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламаларын және өзге де мамандандырылған жобаларды іске асыруға қатысуы.

##### **Жағымсыз факторлар:**

- Қысқа мерзімді перспективада экономикалық өсудің баяулауы салдарынан экономикалық белсенділіктің төмендеуі.
- Жалпы банк жүйесіне халықтың сенімсіздігі.
- Ұлттық валютаның құнсыздануы. Халықтың девальвациялық күтулері.
- Халық депозиттерінің ішкі нарығында және ипотекалық нарықта ЕДБ арасында өсіп келе жатқан бәсекелестік.

#### **5) эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге арналған шығындар, оның ішінде эмитент демеуші зерттеу әзірлемелері туралы ақпарат:**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту жөніндегі агенттігі 2020 ж. 03 ақпанында берген мерзімсіз №1.2.60/44 бағалы қағаздар нарығында Банктік және өзге операцияларды және қызметті жүргізуге лицензия.

Жоғарыда көрсетілген лицензия келесілерді жүргізуге құқық береді:

##### **1. Ұлттық валютадағы банк операциялар:**

- тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдарды (депозиттерді) қабылдау, салымшының шоттарын ашу және жүргізу;
- салымшыларға тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй заемдарын беру;

##### **Ұлттық және шетел валютасындағы банк операциялар:**

- кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны қабылдауды және беруді, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, орау және сақтауды қоса алғанда;
- аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
- қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;
- заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

##### **Ұлттық және шетел валютасындағы өзге операциялар:**

- меншікті бағалы қағаздарды шығару (акцияларды қоспағанда);
- сенімгерлік операциялар: сенім білдірушінің мүддесі мен тапсырмасы бойынша банктік заемдар бойынша талап ету құқықтарын басқару.

##### **2. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті**

- клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығындағы дилерлік қызмет.
- Эмитент зерттеулер мен әзірлемелерге демеушілік жасамады және оларға шығын келтірмеді.

- б) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы көлеміндегі Эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі:

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі 2,28% құрайды.

Эмитенттің экспортқа сатылатын (көрсетілетін) өнімдері (жұмыстары, қызметтері) жоқ.

- 7) Эмитент қызметін тоқтату немесе өзгерту тәуекелімен байланысты сот үдерістеріне Эмитенттің қатысуы, оның қатысуымен сот үдерістерінің мәнін көрсете отырып, Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу туралы мәліметтер:

Эмитент қызметін тоқтату немесе өзгерту тәуекелімен байланысты сот үдерістері болған жоқ. Эмитенттен ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алуға қатысты сот істері жоқ.

- 8) Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары.

Қызмет барысында банк тәуекелдердің әртүрлі түрлеріне тап болады және тәуекелдерді анықтауға, бағалауға, бақылауға және азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару бойынша икемді саясат жүргізеді. Банкте пайда болатын тәуекелдер деңгейін бағалау мен бақылаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделген тәуекелдерді басқару жүйесі құрылды, тәуекелдерді басқару бойынша рәсімдер, сондай-ақ оларды бағалау үлгілері әзірленді және енгізілді. Тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында банкте тәуекел-менеджмент бөлімшесі жұмыс істейді.

24. Олармен тауар айналымының көлемі өздері өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар және жеткізушілері туралы мәліметтер.

Эмитенттің өзі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын көлемде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылары мен жеткізушілері жоқ.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитент активтері.

"Клиенттерге несиелер мен аванстар" баланс бабы Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 74 пайызын құрайды.

Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын активтердің атауы	Эмитент активтерінің жалпы көлемінің пайызы	Активтің баланстық құны, мың теңге
Клиенттерге несиелер мен аванстар	74%	993,338,343
<i>Оның ішінде:</i>		
Аралық тұрғын үй заемдары	27%	365,130,290
Алдын ала тұрғын үй заемдары	26%	352,576,220
Тұрғын үй заемдары	20%	275,631,833

"Инвестициялық борыштық бағалы қағаздар" баланс бабы Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 14 пайызын құрайды.

Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын активтердің атауы	Эмитент активтерінің жалпы көлемінің пайызы	Активтің баланстық құны, мың теңге
Инвестициялық борыштық бағалы қағаздар	14%	196,087,584

"Ақша қаражаты және олардың баламалары" баланс бабы Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 11 пайызын құрайды.

Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын	Эмитент активтерінің жалпы көлемінің пайызы	Активтің баланстық құны,

активтердің атауы		мың теңге
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11%	151,024,879

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

1) Эмитент алдындағы берешегі Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитент дебиторларының атауы;

2) өтеуге тиісті сомалар (таяу 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсете отырып жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімі.

Эмитенттің Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (бес) және одан да көп пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі:

1) Эмитент кредиторларының атауы;

"Клиенттердің қаражаты" баланс бабы Эмитент міндеттемелерінің жалпы көлемінің 81 пайызын құрайды.

Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі	Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының пайызы	Кредиторлық берешектің теңгерімдік құны, мың теңге
Клиенттердің қаражаты	81%	902,023,405
<i>Оның ішінде:</i>		
Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары	47%	520,990,279
Берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын клиенттердің қаражаты	26%	285,840,765
